



Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

17 ақпан 2023 жыл

KASE 2022 жылы белсенділікті танытқан Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды және БАҚ өкілдерін марапаттады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) 2023 жылдың 17 ақпанында 2022 жылдың қорытындысы бойынша жыл сайынғы марапаттау рәсімін өткізді: Биржа нарықтарында үздік нәтижелерге қол жеткізген Биржа мүшелері, листингілік компаниялар – ашықтыққа ұмтылғаны үшін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) өкілдері – қор нарығын белсенді жариялағаны үшін.

KASE мүшелері

Биржа мүшелері арасында "Акциялар нарығындағы жыл андеррайтері" номинациясы бойынша "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ – "Halyk Finance" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ және "Фридом Финанс" АҚ бірлескен үйлестірушілері мен акцияларының IPO букраннерлері марапатталды. "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акцияларының IPO нәтижелері бойынша KASE-де 137,5 млрд теңге сомасына 121,8 мың өтінім қанағаттандырылды.

"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл андеррайтері" номинациясы бойынша максималды көлемдегі облигациялар шығарылымдарының ең көп санының андеррайтері деп танылған – "Фридом Финанс" АҚ марапатталды.

"Акциялар нарығының көшбасшысы" номинациясы бойынша "Фридом Финанс" АҚ, "First Heartland USA Invest" АҚ және "Halyk Finance" АҚ Жеңімпаз болып танылды. "Фридом Финанс" АҚ 2022 жылды акциялар нарығындағы белсенділіктің жоғары коэффициентімен ($Ka = 3,28$) аяқтады. "First Heartland Jusan Invest" АҚ және "Halyk Finance" АҚ белсенділіктің жоғары көрсеткіштерінен басқа (тиісінше $Ka = 2,32$ және $2,26$) нарықтың инвесторлық базасын едәуір ұлғайта отырып, акциялар нарығына жаңа инвесторларды тарту бойынша белсенді жұмыс жасады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша "Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы" және "Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы" номинацияларында "Фридом Финанс" АҚ тиісінше $Ka = 3,8$ және $3,0$ белсенділік коэффициенттерімен және жасалған мәмілелер санының және тартылған клиенттер санының нарықтардағы ең үздік көрсеткіштерімен үздік деп танылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша "Шетел валюталары нарығының көшбасшысы" номинациясы бойынша "Ситибанк Қазақстан" АҚ және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жеңімпаз болып табылады.

"Акциялар нарығындағы жыл маркет-мейкері" және "Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл маркет-мейкері" номинациялары бойынша "Фридом Финанс" АҚ марапатталды. Компания 41 атаудағы акциялар бойынша маркет-мейкер болды, маркет-мейкерлік мәмілелер көлемі 18,0 млрд теңгені құрады, мәмілелер саны – 29 мыңға жуық "Фридом Финанс" АҚ корпоративтік облигациялар секторында 39 бағалы қағаздар шығарылымы бойынша маркет-мейкер міндетін атқарды, маркет-мейкерлік мәмілелердің көлемі 849,3 млн теңгені құрады, мәмілелер саны – 320-дан астам.

"Инвесторларды тартуға қосқан елеулі үлесі үшін" номинациясында екі қатысушы марапатталды: "First Heartland Japan Invest" АҚ және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ. Бұл ретте "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ нарықта бірінші болып омнибус шоты арқылы бөлшек клиенттерге қызмет көрсету жүйесін құрды, ал "First Heartland Jysan Invest" АҚ 2022 жылы жаңа бөлшек клиенттердің ең көп қосалқы шоттарын ашты – 305,4 мың.

"Үздік қаржы кеңесшісі" номинациясы бойынша "Фридом Финанс" АҚ және "SkyBridge Invest" АҚ марапатталды. 2022 жылы компаниялар KASE-де листинг процедурасынан алғаш рет өткен жаңа эмитенттер шығарылымдарының ең көп санының қаржылық кеңесшілері ретінде әрекет етті.

"Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар нарығындағы андеррайтер" номинациясы бойынша "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ марапатталды. 2022 жыл ішінде компания облигациялардың бес шығарылымының андеррайтері және жалпы сомасы 49,9 млрд теңгеге орналастыру (осы секторда орналастырудың жалпы көлемінің 57,7 %) өткізді.

"Қытай юанінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында "Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес банкі АҚ марапатталды. Бұл қатысушы CNY/KZT валюта жұбымен ең көп мәмілелер жасады.

Ішкі нарықта табысты IPO өткізгені үшін "Қазмұнайгаз" ҰК" АҚ және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ марапатталды. "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ акцияларының IPO нарық тарихындағы қазақстандық бағалы қағаздар нарығындағы ең ірі орналастыру болды. Акцияларды орналастыру көлемі 153,86 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар, Биржа "KEGOC" АҚ "KASE-де корпоративтік "жасыл" облигациялардың бірінші шығарылымы" номинациясы бойынша марапаттау туралы шешім қабылдады. Компания 35 млрд теңге көлемінде облигациялар шығаруды жүзеге асырды, оның 16,1 млрд теңгесі TONIA индикаторына байланысты құбылмалы купон мөлшерлемесімен орналастырылды. Бұл шығарылым Қазақстанда ESG-жобаларды дамытуға бағытталған экономиканың нақты секторындағы отандық компанияның "жасыл" облигацияларының алғашқы шығарылымы болды.

KASE листингілік компаниялары

2022 жылдың қорытындысы бойынша "Айқындыққа ұмтылғаны үшін" дипломдарымен марапатталды:

- қаржы секторының компаниялары – "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ;
- қаржылық емес сектордың компаниялары – "ҚазТрансОйл" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ және "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ.

Аталған компаниялар KASE алаңын пайдалана отырып, инвесторлар үшін ақпаратты ашудың және инвесторлармен коммуникациялар құрудың үздік тәжірибесін көрсетеді.

БАҚ өкілдері

Қазақстанның қор нарығын және KASE қызметін белсенді жариялағаны үшін 2022 жылы БАҚ өкілдеріне дипломдар табыс етілді. Бұл журналистер материалды қолжетімді және қызықты түрде берудің жоғары кәсіби деңгейін көрсетті.

"Қор нарығын және KASE интернет-ресурстарында белсенді жариялағаны үшін" номинациясында Ольга Фоминских ("Курсив Медиа Қазақстан" іскерлік порталы), Меруерт Сәрсенова ("Капитал" іскерлік ақпарат орталығы), Светлана Арбузова ("Интерфакс-Қазақстан" ақпараттық агенттігі) дипломдармен марапатталды.

"Қор нарығын және KASE-ні теледидарда белсенді жариялағаны үшін" номинациясы бойынша диплом Камилла Тастанбековаға ("Хабар24" телеарнасы) берілді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында

екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, pr@kase.kz.